

Қостанай облысы Әуликөл ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № 201 " Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 13 қазандағы № 177 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 қазанда № 30272 болып тіркелді

Қостанай облысы Әуликөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № 201 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9605 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы";

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.";

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Әуликөл ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы оны ресми жарияланғаннан кейін Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"Келісілді"

Әулікөкөл аудандық

мәслихаты

Қостанай
облысы Әулікөкөл
ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 13 қазандағы
№ 177 қаулысына
қосымша
Қостанай
облысы Әулікөкөл
ауданының әкімдігінің
2020 жылғы 30 қарашадағы
№ 201 қаулысына
1-қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:

- 1) аудандық Халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;
- 2) аудандық маңызы бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі;
- 3) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 4) психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 5) қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 6) халықты жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы;
- 7) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;
- 8) халықты жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты.

2. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары:

- 1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы (директоры);
- 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бөлім басшысы;
- 3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көркемдік жетекшісі;

- 4) аккомпаниатор;
 - 5) библиограф;
 - 6) кітапханашы;
 - 7) мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер);
 - 8) барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер);
 - 9) музыкалық жетекші;
 - 10) барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);
 - 11) хореограф;
 - 12) барлы мамандық мұғалімдері.
3. Спорт саласындағы мамандардың лауазымдары:
- 1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;
 - 2) әдіскер;
 - 3) нұсқаушы-спортшы.